



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 15 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ  
2 0 0 7 жылғы 11 сәуір

Қаржы нарығындағы ахуал туралы

**1. Инфляция.** Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми деректері бойынша 2007 жылғы наурызда инфляция 0,7% құрады (2006 жылғы наурызда – 0,8%). Азық-түлік тауарларының бағасы - 0,6%, азық-түлікке жатпайтын тауарлар 0,4%, ақылы қызмет көрсету 1,1%-ға өсті.


Өткен айда азық-түлік тауарлары нарығында бағаның неғұрлым өскені жеміс және көкөніс бағасы бойынша тіркелді – 1,8%. Сонымен қатар балық және теңіз өнімдері - 1,4%, ет және темекі өнімдері 0,8% қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында жуу құралдары 0,8%-ға, киім және аяқ киім тауарлары 0,7% қымбаттады. Сонымен қатар бензин бағасының 0,6% арзандағаны белгіленді.

Халыққа ақылы қызмет көрсету құрылымында баға және тарифтер медициналық қызмет көрсетуде 3,4%, білім беру қызметі 0,8%-ға және мәдениет мекемелерінің қызметтері 0,6%-ға өсті. Тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсету электр энергиясының 3,5%-ға, орталықтан жылытудың 1,3%-ға қымбаттауы нәтижесінде 1,3% қымбаттады. Көлік қызметіне баға аз ғана – 0,1% төмендеді.

2007 жылғы 1-тоқсанда инфляция 2,6% құрады (2006 жылғы тиісті кезеңде – 3,2%), азық-түлік тауарлары - 3,2% (4,6%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар - 0,9% (1,2%-ға) қымбаттады.

Инфляцияның сақталуына осы кезеңде, негізінен, тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсетудің 3,6%-ға және денсаулық сақтау қызметінің 2,5%-ға қымбаттауы есебінен 3,3%-ға өскен (2006 жылғы 1-тоқсанда – 2,7%) ақылы қызмет көрсетудің қымбаттауы себепші болды (1-сурет).



2007 жылғы наурызда инфляция жылдық көрсеткіште 7,8% болды (2006 жылғы желтоқсанда – 8,4%).

## 2. Халықаралық резервтер және ақша базасы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің *Халықаралық резервтері (Ұлттық қордың ақшасын есепке алмағанда) және ақша базасы* 2007 жылғы 30 наурызда мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен <sup>1</sup>
<b>Таза халықаралық резервтер, млн. долл.</b>	<b>21 560,0</b>	<b>21 499,2</b>
оның ішінде:		
ЕАВ <sup>2</sup> -мен таза активтер	20 109,5	20 109,5
Алтын	1 450,4	1 389,7
<b>Ақша базасы, млрд. теңге</b>	<b>1 584,0</b>	<b>1 584,0</b>
Тар ақша базасы <sup>3</sup> , млрд. теңге	1 274,6	1 274,6
ЕДБ <sup>4</sup> ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттері, млрд. теңге	309,2	309,2
KZT/USD (кезең соңында)	123,75	127,00
Алтынның бағасы (1 трой унциясына USD-мен)	663,50	635,70

1 теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы 2006 жылдың соңындағы дерекпен көрсетілген.

2 ЕАВ-мен таза активтер – бұл жалпы активтер мен резидент еместер алдындағы міндеттемелер арасындағы ЕАВ-мен айырма

3 тар ақша базасы – бұл ЕДБ-дің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттерін есепке алмағандағы ақша базасы

4 БВУ – екінші деңгейдегі банктер

2007 жылғы наурызда Ұлттық Банктің халықаралық резервтері азайды.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері ағымдағы бағамен 1,3% өсті (немесе 285,7 млн. АҚШ долл.).

Үкіметтің шоттарына валюта түсімдеріне қарамастан ішкі валюта нарығында валюта сату, екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттарындағы шетел валютасындағы қалдықтардың азаюы, сондай-ақ Қаржыминінің сыртқы борышына қызмет көрсету және Ұлттық қордың активтерін толықтыру бойынша операциялар жүргізу таза валюта қорларының (ЕАВ) 270,2 млн.долл. азаюына әкеліп соқтырды. Алтындағы активтер әлемдік нарықтағы бағасының 1,99% төмендеуі нәтижесінде 15,5 млн.долл. азайды.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері тұрақты бағамен 1,2%, ЕАВ-мен таза активтер - 1,3% төмендеді, алтындағы активтер 1,0% өсті.

*Елдің халықаралық резервтері тұтастай алғанда* (ағымдағы бағамен), Ұлттық қордың ақшасын қоса есептегенде (алдын ала деректер бойынша 15 879,6 млн.долл.) аз ғана 0,1% өсті және 2007 жылғы наурызда 37 446,3 млн. долл. құрады.

2007 жылғы наурызда Ұлттық Банктің таза сыртқы активтерінің азаюы *ақша базасының* 0,3%-ға (немесе 4,0 млрд.теңгеге), 1584,0 млрд. теңгеге дейін тарылуына себепші болды (жыл басынан бері кеңею – 5,5%).

Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есепке алмағандағы ақша базасы 9,9%-ға 1274,6 млрд. теңгеге дейін тарылды (жыл басынан бері тарылу – 6,9%).

*Ақша массасы* 2007 жылғы ақпанда банк жүйесіндегі таза ішкі активтердің ұлғаюы салдарынан 5,2%-ға, 3794,0 млрд. теңгеге дейін артты (жыл басынан бері - 6,1%).

Айналыстағы қолма-қол ақша 2007 жылғы ақпанда 2,3%-ға, 613,2 млрд. теңгеге дейін (жыл басынан бері өсу – 2,1%), ал банк жүйесіндегі депозиттер - 5,7%-ға 3180,7 млрд. теңгеге дейін ұлғайды (жыл басынан бері – 3,4%). Депозиттердің өсуінің неғұрлым жоғары қарқыны айналыстағы қолма-қол ақшаның өсу қарқынымен салыстырғанда ақша массасы құрылымындағы депозиттер үлесінің 83,4%-дан 83,8%-ға дейін өсуіне себепші болды.

Ақша базасы сығымдалуы аясында ақпанда ақша массасы көлемінің өсуі ақша мультипликаторы мәндерінің 2,59-дан 2,39-ға дейін ұлғаюына себепші болды.

**3. Валюта нарығы.** 2007 жылғы наурызда теңгенің АҚШ долларына қатысы бойынша бағамының өсу үрдісі байқалды.

Бір айдың ішінде теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 1 доллар үшін 123,17 теңге – 125,33 теңге ауқымында өзгерді. Осы кезең ішінде теңге 0,3% (жыл басынан бері - 2,5%) нығайды және наурыздың соңында теңгенің биржалық бағамы бір долларға 123,84 теңгені құрады.

Наурызда Қазақстан Қор биржасындағы биржалық операциялардың көлемі қосалқы сауда-саттықтағы мәмілелерді есепке алғанда ақпандағымен салыстырғанда 9,7% ұлғайды және 4,5 млрд. АҚШ долл. құрады (жыл басынан бері –14,9 млрд. долл.). Биржадан тыс валюта нарығында операциялардың көлемі 29,8% ұлғайды және 11,5 млрд. АҚШ долл. құрады (жыл басынан бері – 30,9 млрд. долл.).


**4. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы.** 2007 жылғы наурызда Қаржы министрлігі 71,4 млн. теңге сомаға 7-жылдық МЕУКАМ орналастырды. Орналастырылған бағалы қағаздар бойынша тиімді кірістілік 6,75% құрады.

Бұл ретте 2007 жылғы наурызда мемлекеттік бағалы қағаздарды өтеу тек қана пайыздық төлемдер бойынша жүргізілді және 2,2 млрд. теңге болды. Нәтижесінде наурыздың аяғында Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі өткен айдағымен салыстырғанда іс жүзінде өзгермей, 383,6 млрд. теңге болды (ұлғаю 0,02%).

Ұлттық Банк ноталары эмиссиясының көлемі 2007 жылғы наурызда 2007 жылғы ақпанмен салыстырғанда аз ғана - 0,3%, 837,5 млрд. теңгеге дейін өсті.

Қысқа мерзімді ноталардың кірістілігі ақпандағы 4,81%-дан наурызда 5,68% дейін өсті. Бұл ретте Ұлттық Банк кірістіліктің «дұрыс» қисығын қалыптастыруға бағытталған, яғни айналыс мерзімі неғұрлым ұзақ ноталардың неғұрлым жоғары кірістілігі болуы тиіс (2-сурет).

2-сурет



Есепті кезеңде Ұлттық Банктің ноталарын өтеу сыйақы бойынша төлемдерді есепке ала отырып 838,1 млрд. теңге болды.

2007 жылғы наурыздың аяғында айналыстағы ноталар көлемі ақпандағымен салыстырғанда 0,3%-ға, аз ғана өсіп, 837,5 млрд. теңгені құрады.

2007 жылғы наурызда Қаржы министрлігінің бағалы қағаздарын сатып алу және сату бойынша операциялар, сондай-ақ репо және кері репо операциялары жасалған жоқ.

**5. Банкаралық ақша нарығы.** 2007 жылғы ақпанда банкаралық ақша нарығында банктердің өтімді қаражатты орналастыру бойынша белсенділігінің ұлттық валютамен көтерілгені және шетел валютасымен төмендегені байқалды.

2007 жылғы қаңтармен салыстырғанда 2007 жылғы ақпанда теңгемен орналастырылған банкаралық депозиттердің көлемі 12,1% өсіп, 871,9 млрд. теңгені құрады. Теңгемен орналастырылған банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы қаңтармен салыстырғанда ақпанда 4,43%-дан 4,44%-ға өсті.

Ұлттық Банктің екінші деңгейдегі банктерден тартқан депозиттерінің көлемі қаңтармен салыстырғанда ақпанда 10,8% төмендеп, 737,7 млрд. теңгені құрады. Орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы қаңтармен салыстырғанда өзгерген жоқ және ол 4,50% құрады.

2007 жылғы ақпанда банкаралық валютаны қарызға алу нарығында доллармен орналастырылған депозиттердің көлемі қаңтармен салыстырғанда 34,7% өсіп, 14,8 млрд. АҚШ долларын құрады. Доллармен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы ақпанда 2007 жылғы қаңтармен салыстырғанда 5,30%-дан 5,36%-ға өсті.

Банкаралық қарыз алудың қалған түрлері бойынша операциялар шамалы көлеммен жасалды.

**6. Депозит нарығы.** Резиденттердің банк жүйесіндегі депозиттерінің жалпы көлемі 2007 жылғы қаңтармен салыстырғанда 2007 жылғы ақпанда 3180,7 млрд. теңгеге дейін 5,7% өсті. Занды тұлғалардың депозиттері 2103,3 млрд. теңгеге дейін 7,3%, жеке тұлғалардың депозиттері 1077,4 млрд. теңгеге дейін 2,7% өсті.

2007 жылғы ақпанда ұлттық валютадағы депозиттер 2236,6 млрд. теңгеге дейін 5,8%, шетел валютасындағы депозиттер 944,1 млрд. теңгеге дейін 5,5% ұлғайды. Нәтижесінде теңгедегі депозиттердің үлес салмағы қаңтармен салыстырғанда өзгерген жоқ және 70,3% құрады.

Халықтың (резидент еместерді қоса алғанда) банктердегі салымдары бір айда 1093,3 млрд. теңгеге дейін 2,9% өсті. 2007 жылғы ақпанда халық салымдағы құрылымындағы теңгедегі депозиттер 774,9 млрд. теңгеге дейін 3,8%, ал шетел валютасындағы депозиттер 318,4 млрд. теңгеге дейін 0,6% өсті. Нәтижесінде теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 70,2%-дан 70,9%-ға дейін өсті.

Банктердің депозиттері бойынша ставкалардың динамикасы мынадай өзгерістермен сипатталды. 2007 жылғы ақпанда банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 4,7% (2007 жылғы қаңтарда – 5,2%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 9,5% (9,9%) құрады.

**7. Кредит нарығы.** Банктердің экономикаға кредиттері бойынша негізгі борышының жалпы көлемі жыл басынан бері 7,2% (ақпанда – 4,7%) ұлғайып, 5027,1 млрд. теңгені құрады.

Ұлттық валютадағы кредиттер бір айда 4,2% ұлғайып, 2587,9 млрд. теңгені, ал шетел валютасындағы кредиттер 5,1% ұлғайып, 2439,2 млрд. теңгені құрады. Нәтижесінде теңгедегі кредиттердің үлес салмағы 2007 жылғы қаңтармен салыстырғанда 51,7%-дан 51,5%-ға дейін төмендеді.

Ұзақ мерзімді кредиттер 3767,8 млрд. теңгені құрай отырып, 6,1%, ал қысқа мерзімді кредиттер 1259,2 млрд. теңгені құрай отырып, 0,6% өсті. Нәтижесінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 74%-дан 75%-ға өсті.

Занды тұлғаларға берілген кредиттер ақпанда 4,8% ұлғайып, 3358,5 млрд. теңгені құрады, ал жеке тұлғаларға берілген кредиттер 1668,5 млрд. теңгені құрай отырып, 4,4% ұлғайды. Нәтижесінде жеке тұлғаларға берілген кредиттердің үлес салмағы 33,3%-дан 33,2%-ға төмендеді.

Банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне кредиттері қаңтармен салыстырғанда ақпанда 927,4 млрд. теңгені немесе экономикаға кредиттердің жалпы көлемінің 18,4% құрай отырып, 5,1% ұлғайды.

Салалар бойынша экономиканың сауда (23,6%), құрылыс (14,4%), өнеркәсіп (10,3%) және ауыл шаруашылығы (4,8%) сияқты салалары неғұрлым белсенді түрде кредиттеліп отыр.

2007 жылғы қаңтармен салыстырғанда 2007 жылғы ақпанда жеке тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 18,7%-дан 18,5%-ға, ал заңды тұлғаларға кредиттер бойынша 12,9%-дан 12,8%-ға төмендеді.

#### **8. Ұлттық Банктің ең төменгі резервтік талаптар (ЕРТ) механизміне өзгерістер енгізуге қатысты одан әрі іс-әрекетіне қатысты**

2007 жылдың екінші тоқсаны ішінде Ұлттық Банк ЕРТ механизміне қандай да болмасын өзгерістер енгізуді жоспарлаған жоқ.

Бұл бірінші кезекте қазіргі кезеңде Ұлттық Банктің Қазақстан Қаржыгерлерінің қауымдастығымен және банк секторының өкілдерімен ЕРТ туралы ережеге енгізілуі мүмкін өзгерістердің әр түрлі аспектілерін талқылау бойынша консультациялар жүргізуіне байланысты.

Сонымен қатар, Ұлттық Банк ЕРТ қатайтудың қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін оң нәтижелер беретіндей және банк жүйесінің қызметіне теріс әсер етпейтіндей ықтимал нұсқаларын қарастыруда.

Сонымен бірге Ұлттық Банк экономикаға инфляциялық қысым және банктердің жоғары кредиттік белсенділігі сақталған жағдайда ағымдағы жылдың үшінші тоқсанында ЕРТ қатайту мақсатында оған өзгерістер енгізу құқығын өзінде қалдырады.